

Диалогтық оқыту



Диалогтік оқытудың тиімділігі.

Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады.

Мерсер мен Литлтон



Диалогтық оқыту ұжымдық (*мұғалім мен бала бірігіп тапсырманы орындайды*) **және өзара білім алмасуға жағдай туғызатын** (*мұғалімдер мен балалар бір-бірін тыңдап, идеялармен бөліседі және балама көзқарасты қарастырады*) **және қолдаушы** (*балалар қате жауап бергені үшін қорықпай, өз идеяларын еркін жеткізіп, бір-біріне өзара түсінікке жетулеріне көмектеседі*) **оқыту тәсілі болып табылады.**



Мерсердің зерттеуіне сәйкес әңгімелесудің 3 түрі бар:

Әңгіме-дебат

**Кумулятивтік
әңгіме**

**Зерттеушілік
әңгіме**

Әңгіме -

дебат

1. Ой- пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады
2. Ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады
3. Қарым-қатынас көбіне “Иә , бұл солай”, “Жоқ, олай емес” деген бағытта жүзеге асады
4. Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған



Кумулятивтік

әңгіме

1) айтылған пікірлермен талдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе береді;

- 2) әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылар өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдайды;

- 3) идея қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.

Зерттеушілік әңгіме

- 1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;
- 2) әркімнің идеясы пайдалы деп саналғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;
- 3) қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды;
- 4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме «көрінеді»;
- 5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы-келісімге ұмтылу).



Диалогтік оқытуда сұрақ қою маңызды орын алады.

Сұрақтардың түрлері: төмен деңгейдегі, жоғарғы деңгейдегі

Сұрақ қою техникасы: түрткі болу, сынақтан өту, қайта бағыттау
Түрткі болу: сұрақты қарапайым етіп қою, өткенді нысықтау.

Сынақтан өту: толық жауап беруге, ойын толық айтуға итермелейді."
Сіз мысал келтіре аласыз ба? "деген сұрақтармен бағыттайды

Қайта бағыттау - сұрақты басқа оқушыларға бағыттайды. "Көмектесе алатындарың бар ма?" деген сұрақ қойылады.

Диалогтік оқыту нәтижесі

Пікірлерді зерттеуге талпынады

Жаңа білімдерімен бөлісуде
белсенділік танытады

Оқушылар орынды
сұрақ қояды

Өзгенің пікірін
өзгертуге дайын
болады

Қызығушылық
танытады

Оқу үдерісінен ләззәт
алады

Дәлелдер іздейді





**Назарларыңызға
рахмет**